

2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы (Үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . М ы н а л а р д ы ң :

368-1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің;

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 2 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 2 3 5 қ а у л ы с ы н а

368-1-қосымша

Ескерту. Қаулы 368-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б , өзгерту енгізілді - 2006.09.05. N 843 , 2006.11.24. N 470л қаулыларымен.

600 - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 6 ж ы л ғ а а р н а л ғ а н

"Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету"

001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 1437202 мың теңге (бір миллиард төрт жүз отыз жеті миллион екі жүз екі м ы ң т е ң г е)

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 ақпандағы N 55 Жарлығы ; "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 маусымдағы Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: бағалы қағаздар рыногын дамыту, оның халықаралық рынок капиталдарымен ықпалдасуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялар тарту, қазақстандық капиталдың шетелдік бағалы қағаздар рыногына шығуы.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

P/c N №	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарлама (кіші бағдарлама) атауы	Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001		Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету			
2		001	Орталық органның аппараты	Штат санының лимитіне сәйкес Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің орталық аппаратын ұстау. Үй-жайды жалдау ақысын төлеу. Әкімшілік ғимарат сатып алу. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын құру және оның жұмыс істеуі жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу. Аудиторлық тексерулердің шығындарын өтеу. Өңірлік қаржы орталығының маркетингін жүргізу, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында (мерзімді басылымдарда, теледидарда, Интернет желісінде) ақпараттық және жарнамалау компаниясын жүргізу. Халықаралық консультативтік кеңестің қызметтеріне ақы төлеу. Шетелдерде халықаралық семинарлар өткізу. Консультанттар мен консалтингтік	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының

				компаниялардың қызметіне ақы төлеу		қызметін реттеу агенттігі
3		007	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	Бекітілген біліктілікті арттыру жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтерді сатып алу, оның ішінде мемлекеттік тілді оқыту.	2-4 тоқсан	Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі
4		009	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	Автокөлік, кабинеттерді жабдықтау үшін жиһаздар, жабдықтар және басқа активтерді, тауарларды сатып алу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі
5		017	Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету	Бағдарламалық өнімдерді және жергілікті міндеттерді сүйемелдеу. Бағдарламалық өнімдер сатып алу. Жүйелік және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді сатып алу, есептеу техникасы мен перифериялық жабдықтар сатып алу. Интернет желісіне қосылу бойынша қызметтерді алу.		Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

Тікелей нәтиже: Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін нормативтік құқықтық негізбен 100 % қамтамасыз ету; 100 біліктілігі жоғары мамандарды жұмысқа тарту мемлекеттік қызметшілердің компьютермен және ұйымдастыру техникасымен жалпы қажеттіліктің 100 %-мен жарақтандырылуын қамтамасыз ету.

Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар рыногын одан әрі дамыту, халықаралық капитал рыноктарына ықпалдасу; Қазақстан Республикасының экономикасына инвестицияларды барынша тарту; қазақстандық капиталдың шетелдік бағалы қағаздар рыногына шығуын қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық нәтиже: Қазақстан Республикасы Алматы қаласының қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі орталық аппаратының бір мемлекеттік қызметшісін ұстауға арналған орташа шығын 13522,6 мың теңгені құрайды; бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін арттыруға арналған орташа шығын - 25,75 мың теңге; Агенттіктің ақпараттық жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі

шығындардың орташа көлемі және ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету - 285,87;

Уақтылығы: белгіленген кестеге сәйкес іс-шараларды уақтылы орындау.

Сапасы: Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы қатысушыларының барынша көп санын тарту және қазақстандық және халықаралық бағалы қағаздар рыногының ықпалдасуын қамтамасыз ету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК